

МАМАНДЫҚТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

6M010800-Дене мәдениеті және спорт мамандығының білім бағдарламасы

Магистратура деңгейі

6M010800-Дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша білім мақсаты

6M010800-Дене мәдениеті және спорт мамандығының білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты:

- еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және жаттықтырушы кадрларды даярлау;
- ғылыми-жаратылыстану пәндер саласында жүйеленген білімдерді қалыптастыру және инновациялық технологияларды жалпы заңдылықтар негізінде қолдануды жүзеге асыру;
- жоғарғы әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, оны кәсіби қызметінде жүзеге асыруға қабілетті магистрлердің негізгі және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру;

1. Біліктілік және қызмет тізбесі

Аталған білім бағдарламасының түлегіне «6M010800-Дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі беріледі.

Педагогикалық ғылымдары магистрі жұмыс өтілімін көрсетпес бұрын категориясыз жоғары деңгейлі білікті маман ретінде Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының Типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес 2009 жылдың 13 шілдесіндегі № 338, өзгерістер мен қосымшалар 09 маусым 2011 жыл № 241, 27 желтоқсан 2013 № 512 бойынша келесідей қызметтерге орналаса алады:

- оқытушы (ассистент);

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-п-м Бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес:

- дене мәдениеті бойынша әдіскер;
- кіші ғылыми қызметкер (жоғары оқу орындарының ұсынысымен (факультеттер) жоғары оқу орнының түлектерін қоспағанда (магистратураның) оқу мерзімінде тәжірибе алғандар тағайындала алады).

2. Білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілердің біліктілік сипаттамасы

2.1 Кәсіби қызмет саласы

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі кәсіби өзінің қызметін білім беру саласында жүзеге асырады. Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша (әрі қарай – ҰБШ) біліктілік деңгейі – 7.

2.2 Кәсіби қызметінің нысандары

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің нысандары:

- жоғары оқу орындарының дене тәрбиесі кафедрасында, колледждерде, спортклубтарында;
- мемлекеттік және жеке коммерциялық ұйымдарда: департаменттерде, комитеттерде, агентстволарда, дене шынықтыру мен спорт бойынша басқару ұйымдарында, фирмаларда, балалар спорт мектептерінде, жоғары спорттық шеберлік мектептерінде;
- ғылыми-зерттеу мекемелері: дене шынықтыру және бұқаралық спорт түрлері бойынша академиялар, институттар, лабораториялар, дене тәрбиесі мен психикалық денсаулық мәселелерін зерттейтін сауықтыру, дәрігерлік-биологиялық, реабилитациялық, спорттық, қалпына келтіру орталықтарында.

2.3 Кәсіби қызметінің пәні

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби қызметінің пәні:

- инновациялық психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ету.

2.4 Кәсіби қызметінің түрлері

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі келесідей кәсіби қызмет түрлерін атқара алуы мүмкін:

- білім беру (педагогическую);
- жаттықтырушылық;
- ғылыми-зерттеушілік.

2.5 Кәсіби іс-әрекеттік қызметі

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби іс-әрекеттік қызметі:

- оқытушылық;
- тәрбиешілік;
- ғылыми-зерттеушілік;
- санитарлық-гигиеналық, сауықтырушылық.

2.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби қызметінің типтік міндеттері төмендегідей кәсіби іс-әрекет түрлеріне сәйкес келеді:

✓ білім беру қызметі саласында:

- арнайы пәндер бойынша сабақ өткізу, жоғары және орта білім беру орындары мен әртүрлі ұйымдарда тұлғаның дене мәдениетін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру (оқытушы/ассистент ретінде);
- дене дайындығы процессін ұйымдастыру, таңдамалы спорт түрлері бойынша сабақтар өткізу (оқытушы-жаттықтырушы ретінде);
- құрама командаларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету (жаттықтырушы ретінде);
- дене мәдениеті және спорт бойынша жарыстарға төрешілік жасау (спорт бойынша төреші ретінде);
- елді мекендегі халықтардың дене қасиеттерін, біліктілігі мен дағдыларын, денсаулықтарын нығайту қажеттіліктерін, гигиеналық шараларды қолдану мен табиғаттың шынайы күштерін пайдалануларын дамыту үшін педагогикалық технологияларды жасау (дене

мәдениеті және спорт бойынша әдіскер ретінде).

– **жаттықтырушылық іс-әрекет саласында:**

– таңдамалы спорт түрлері бойынша дене дайындығы (таңдамалы спорт түрлері бойынша құрама командалардың жаттықтырушысы ретінде);

✓ **ғылыми-зерттеу қызметі бойынша:**

– ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу (ҒЗИ лабораториясының ғылыми қызметкері және ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша әдіскер ретінде).

2.7 Кәсіби қызмет мазмұны

«БМ010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызмет мазмұны:

– педагогикалық үдерісті басқару және оны сапалы ұйымдастыру;

– таңдаған мамандығы мен «Дене мәдениеті және спорт» саласын зерттеу үшін жаңа педагогикалық және биологиялық технологияларды белсенді қолдануға бағдарлану;

– білім алушылардың өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі ашу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оқытуда тұлғалық- бағдарлық бағытты қолдану;

– заманауи талаптарға сәйкес кәсіби, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттерді іске асыру.

3. Оқыту нәтижелері (жалпы құзіреттіліктер)

Дублин дискрипторының екінші деңгейіне сәйкес «БМ010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрін (ҰБШ 7 біліктілік деңгейі) оқыту нәтижелері төмендегідей іс-әрекет тәсілдерін қамтиды:

– жоғары білім алу деңгейінде алынған өзінің тұлғалық дамуына негіз болған әрі мүмкіндік берген немесе ғылыми зерттеулер жасау барысында идеяларды қолдануға жол ашқан өз білімінің дамуы мен оны түсінуін көрсете алуы;

– өзінің зерттейтін саласына байланысты неғұрлым күрделі (пәнаралық), жаңа немесе бейтаныс жағдаяттарда кездесетін мәселелерді түсінуі және оны шешу барысында өз білімін қолдана алуы;

– толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып осы пайымдаулар мен білімді қолдану үшін тұжырым жасау және қиындықтарды жеңе білу, білімді интеграциялау (кіріктіру);

– өзінің білімі мен тұжырымдарын және олардың негіздемелерін маман және маман емес адамдарға анық және нақты хабарлау;

– өз бетімен білім алуын жалғастыру.

«БМ010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің **жалпы құзіреттіліктері түйінді құзіреттіліктер** (жалпы білімге қойылатын талаптар, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау, ақпаратты қабылдау, ойлау мәдениетін меңгеру) мен **арнайы құзіреттіліктер** негізінде қалыптасады:

3.1 Түйінді құзіреттіліктер

Ғылыми және педагогикалық магистратура түлектерінің түйінді құзіреттіліктеріне қойылатын талаптар:

1) түсінігі болуы керек:

– қоғам өміріндегі ғылым және білімнің рөлі туралы;

– ғылыми таным дамуының қазіргі тенденциялары туралы;

– дене шынықтыру-бұқаралық және спорттық іс-шараларды қалай ұйымдастыру және жүргізу керек;

– жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі туралы;

2) білу керек:

- ғылыми танымның әдіснамасын;
- ғылыми қызметті ұйымдастыру құрылымы мен қағидалары;
- білім алушылардың оқу үдерісінде танымдық іс-әрекет психологиясын;
- оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудың психологиялық құралдары мен әдістері.

3) білігі:

- ғылыми зерттеулер контекстінде алынған білімдерді түпнұсқалық идеяларды дамыту және қолдану үшін пайдалану;
- қазіргі тұжырымдамаларды, үдерістер мен құбылыстардың сыни тұрғыдан талдау;
- жаңа белгісіз жағдайда әр түрлі пәндер аясында зерттеу міндеттерді шешуде алған білімдерін кіріктіру;
- білімдерді интеграциялау негізінде білімдер мен пайымдауларды қолдануда толық емес немесе шектеулі ақпараттарға пайымдаулар жасау;
- өзінің педагогикалық қызметінде жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алынған білімдерін пайдалану;
- оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;
- жаңа мәселелер мен жағдайларды шешуде шығармашылық ойлау және шығармашылық көзқарасты қолдану
- жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқытуды жүзеге асыруға және ғылыми зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік беретін шетел тілін кәсіби деңгейде еркін меңгеру;
- ғылыми-зерттеу және талдамалық жұмыс нәтижелерін ғылыми мақалалар, есеп, талдамалық жазба, диссертация және т.б. түрінде жариялау.

4) дағдылары:

- ғылыми-зерттеу іс-әрекеті, стандартты ғылыми міндеттерді шешу;
- педагогикалық және білім беру іс-әрекетін оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жүзеге асыру;
- кәсіби пәндерді оқытудың әдістемелері;
- білім беру процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды пайдалану;
- мәдениетаралық байланыс пен кәсіптік қарым-қатынас;
- ауызша және жазбаша сөйлеуде өз ойын шешен, дұрыс және логикалық жеткізу;
- докторантурада білімін жалғастыру және күнделікті кәсіби қызметі үшін қажетті білімді тереңдету және кеңейту;

5) құзіреттілігі:

- ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында;
- жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызмет пен ғылым саласында;
- қазіргі білім беру технологиялары мәселелерінде;
- кәсіби салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындау;
- кәсіптік дағды мен біліктілікті кеңейту, білімді үнемі жаңартуды қамтамасыз ету тәсілдерін.

3.2 Арнайы құзіреттіліктер

✓ ***А – білім және түсінік:***

A1 – дене шынықтыру және спорт саласындағы іргелі теориялық-әдіснамалық білім;

A2 – дене шынықтыру және спорт жөнінде жоғары мектептегі жұмысы туралы психологиялық-педагогикалық білімдері;

A3 – функционалдық дайындықты басқарудың заманауи құралдары мен әдістері жайлы білім дене және спорттық дайындықтың, дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар денсаулығының биологиялық негіздері ретінде;

A4 – «Дене мәдениеті және спорттағы» зерттеудің педагогикалық және физиологиялық технологиялары туралы білім;

A5 – әртүрлі дене жаттығулары, бұқаралық спорт түрлері және ЕДШ құралдары арқылы тұлғаларды сауықтандырудың реабилитация және рекреация туралы білім;

A6 – дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың дене дайындығы және дене мәдениеті туралы білім;

✓ ***В – білім мен түсінікті қолдану:***

B1 – дене мәдениеті және спорт бойынша білімдерді, жинақталған ойларды, ғылымға сыйымды талдау мен синтездеу процестерін өз бетінше алу мен беру;

B2 – дене мәдениеті және спорт саласы бойынша заманауи білім беру контексінде педагогикалық ғылымдарды дамытуға бағытталған және жаңа тұжырымдамалық идеяларды ендіру;

B3 – ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін теориялық талдау әдістері және компьютерлік моделдеу тәсілдері арқылы меңгеру;

B4 – ғылыми ақпаратты өңдеу, сақтау және алу әдістерін, ғылыми өнімдерді заманауи ғылыми зерттеу әдістерімен жазу, безендіру, орындауды меңгеру;

B5 – психологиялық-педагогикалық және медициналық-биологиялық әдістер көмегімен диагностиканы жүргізу, әртүрлі жастағы, жынысы, денсаулық деңгейі, дене дайындығындағы және дене мүмкіндігі шектеулі адамдар ағзасына ықпалын тигізетін тиімді жаттығуларды іріктеу;

B6 – дене мәдениеті және спорт саласы бойынша оқу, ғылыми және спорттық мекемелер мен кәсіпорындардың бөлімшелерін басқару және ұйымдастыру дағдылары;

✓ ***С – пайымдаудың қалыптасуы:***

C1 – педагогикалық шындықты тұтас қабылдау және ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі;

C2 – диагностикалық дағдылар, аналитикалық, сыни, дербес және бастамашылдық ойлау;

C3 – педагогтың, жаттықтырушының, зерттеуші-ғалымның кәсіби-тұлғалық сапасын жетілдіру, кәсіби этиканың қағидаларын сақтау, ғылыми- педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік маңыздылығын ұғыну;

C4 – белсенділік, өзіндік танымдық, ғылыми-зерттеу және шығармашылық іс-әрекет, дүниетанымның дамуы;

C5 – болашақтағы тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттігін қалыптастыру, кәсіби - педагогикалық өзіндік сана-сезімі;

D – жеке тұлға қабілеттілігі:

D1 – байланыс стратегияларын, педагогикалық риторика дағдыларын, қатынас технологияларын меңгерген, педагогтың тұлғалық кәсіби сапасының бар болуы;

D2 – ынтымақтастық педагогикаға қабілетті және төзімді, шешімдерді шығармашылықпен қабылдау, жаңа құндылықтарды құруды дайындауға;

D3 – басқарушылық-ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, табиғи үндестік, мәдени үндестік, моралдық- адамгершіліктілік, интеллектуалдық дағдыларды дамытуға ұмтылу;

D4 – өздігінен білім алу және өздігінен іске асыруды, педагогикалық иновацияларды шығармашылықпен қолдану, педагогикалық іс-әрекетке жоғары мотивациямен талпыну;

D5 – мәдениет феномені ретінде ғылыми білімді дамыту және қалыптастыру заңдылықтарын түсінуге қабілетті;

D6 – түпнұсқалық зерттеу арқылы ғылыми еңбекті әзірлеу жолымен, қолданыстағы білім аясын кеңейтуге өз үлестерін енгізуге қабілетті;

D7 – еңбек тәртібін сақтау және денсаулық сақтау қағидаларын іске асыруға қабілетті.

4. Оқыту стратегиялары мен әдістері

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығын бағдарламасы бойынша оқытудың жалпы нәтижелері (ҰБШ 7-ші біліктілік деңгейі) төмендегі оқу шаралары арқылы қалыптастырылатын болады:

1) *аудиториялық сабақтар*: дәрістер, семинарлар, практикалық және лабораториялық сабақтар – оқытудың инновациялық технологияларын есепке ала отырып, интерактивті түрдегі ғылымның, технологияның және ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктерін қолдана отырып жүргізіледі;

2) *аудиториядан тыс сабақтар*: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушы жетекшілігімен жұмыс, жеке кеңестер;

3) оқу және кәсіби практикаларды өткізу, диссертациялық жұмысты дайындау.

Мамандықтың білім беру бағдарламасының мазмұны білім алушыларға дене мәдениеті және спорт саласы бойынша пәндік, пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімді меңгеруге, педагогика және психология саласындағы білім мен түсінігін көрсетуге, осы білім мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдануға мүмкіндік береді.

Бағдарлама барысындағы дәрістер, семинарлар, пікірталастар, практикалық және лабораториялық сабақтар, практиканың алуан түрлері магистранттарға «6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша шешуші және арнайы құзыреттіліктерді дамытуға, атап айтқанда, дене мәдениеті және спорттан нақты әлеуметтік-педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, теориялық білімді қолдануға, оқу барысында педагогикалық технологиялар мен ақпараттық дереккөздерді (мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электронды оқулықтар, ТД мен Ғаламтор-технологиялар) тиімді де креативті пайдалануға кең мүмкіндік береді.

Профессор-оқытушы құрамының магистранттардың өзіндік жұмысына жетекшілік етуі, жеке кеңестер беруі магистранттарға оқу және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Одан басқа бітіруші курс магистранттары дипломдық жұмысты өздері таңдаған тақырып бойынша ғылыми жетекшінің басшылығымен жазады.

5. Оқытудың нәтижелерін бақылау және бағалау

Магистранттарды дайындау кезінде (ҰБШ 7-ші біліктілік деңгейі) «6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығының бағдарламасын оқытудың болжалды нәтижелерін бақылау мен бағалаудың алуан түрлерінің кең ауқымын қарастырады: *ағымдық және аралық бақылау* (сауалнама, оқу пәндерінде тақырыптар бойынша тестілеу, бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстарды қорғау, курстық жұмыстар, портфолио, пікірталастар, тренингтер және т. б.), *аралық аттестация* (оқу пәнінің тараулары бойынша тестілеу, емтихан, практикалар бойынша есептерді қорғау), *қорытынды аралық бақылау* (магистрлік диссертацияны қорғау, мемлекеттік кешенді емтихан).

Бағалау әдістерінің мақсаты сыни ойлау, зияткерлік, жазбаша және ауызша қарым-қатынастық, көрсетілімдік дағдыларды, ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді дамыту болып табылады.

Мамандық бағдарламасы оқытудың барлық кезеңінде магистранттарға пән саласындағы, оқу-педагогикалық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру, дене мәдениеті және спортты оқыту әдістемесі мен оқу үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын қолдану, сонымен қатар білім алушы мен мұғалімнің педагогикалық өзара әрекеті т.б. бойынша практикалық-бағытталған білім мен біліктілікті меңгеруге мүмкіндік беретін оқу және үздіксіз педагогикалық тәжірибені қамтиды.

6. Пәндер және арнайы құзыреттіліктер матрицасы

№	Пән атаулары	A1	A2	A3	A4	A5	A6	B1	B2	B3	B4	B5	B6	C1	C2	C3	C4	C5	D1	D2	D3	D4	D5	D6	D7
1.	Дене мәдениеті және спорттың ғылыми-педагогикалық негіздері	*	*		*		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*		*	*			*	*	*
2.	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері	*			*			*		*	*	*			*	*	*		*				*	*	*
3.	Дене мәдениеті және спортты басқару	*			*		*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*			*
4.	ЖОО дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*	*
5.	Спорттағы бұлшық ет іс-әрекетінің физиологиясы	*		*	*	*	*	*		*	*	*	*		*	*	*		*			*	*	*	*
6.	Дене реабилитациясы мен рекреациясы	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*			*	*	*		*			*	*	*	*
7.	Бейімдеу дене мәдениеті	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*			*	*	*		*			*	*	*	*
8.	Олимпиадалық спорт түрлерінен жарыстық әрекетті басқару	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*			*
9.	Спортшыларды іріктеу мен бағдарлаудың теориясы (спорт түрлері бойынша)	*		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*	*		*
10.	Спорт ғылымының тарихы	*						*	*	*	*	*		*	*	*	*		*	*		*	*	*	*
11.	Жоғары оқу орнындағы таңдамалы спорт түрлерін оқытудың теориясы мен әдістемесі	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*	*
12.	Спорттағы математикалық статистика	*			*					*	*		*	*	*		*		*		*	*	*	*	*
13.	Тәжірибе (педагогикалық)	*		*	*	*		*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*			*

14. Тәжірибе (зерттеушілік)	*		*	*			*	*	*	*		*	*	*	*	*			*	*		*	*
-----------------------------	---	--	---	---	--	--	---	---	---	---	--	---	---	---	---	---	--	--	---	---	--	---	---

<p>✓ А – білім және түсінік: A1 – дене шынықтыру және спорт саласындағы іргелі теориялық-әдіснамалық білім; A2 – дене шынықтыру және спорт жөнінде жоғары мектептегі жұмысы туралы психологиялық-педагогикалық білімдері; A3 – функционалдық дайындықты басқарудың заманауи құралдары мен әдістері жайлы білім дене және спорттық дайындықтың, дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар денсаулығының биологиялық негіздері ретінде; A4 – «Дене мәдениеті және спорты» зерттеудің педагогикалық және физиологиялық технологиялары туралы білім; A5 – әртүрлі дене жаттығулары, бұқаралық спорт түрлері және ЕДШ құралдары арқылы тұлғаларды сауықтандырудың реабилитация және рекреация туралы білім; A6 – дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың дене дайындығы және дене мәдениеті туралы білім;</p>	<p>✓ С – пайымдаудың қалыптасуы: C1 – педагогикалық шындықты тұтас қабылдау және ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі; C2 – диагностикалық дағдылар, аналитикалық, сыни, дербес және бастамашылдық ойлау; C3 – педагогтың, жаттықтырушының, зерттеуші-ғалымның кәсіби-тұлғалық сапасын жетілдіру, кәсіби этиканың қағидаларын сақтау, ғылыми- педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік маңыздылығын ұғыну; C4 – белсенділік, өзіндік танымдық, ғылыми-зерттеу және шығармашылық іс-әрекет, дүниетанымның дамуы; C5 – болашақтағы тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттігін қалыптастыру, кәсіби - педагогикалық өзіндік сана-сезімі;</p>
<p>✓ В – білім мен түсінікті қолдану: B1 – дене мәдениеті және спорт бойынша білімдерді, жинақталған ойларды, ғылымға сыйымды талдау мен синтездеу процестерін өз бетінше алу мен беру; B2 – дене мәдениеті және спорт саласы бойынша заманауи білім беру контексінде педагогикалық ғылымдарды дамытуға бағытталған және жаңа тұжырымдамалық идеяларды ендіру; B3 – ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін теориялық талдау әдістері және компьютерлік моделдеу тәсілдері арқылы меңгеру; B4 – ғылыми ақпаратты өңдеу, сақтау және алу әдістерін, ғылыми өнімдерді заманауи ғылыми зерттеу әдістерімен жазу, безендіру, орындауды меңгеру; B5 – психологиялық-педагогикалық және медициналық-биологиялық әдістер көмегімен диагностиканы жүргізу, әртүрлі жастағы, жынысы, денсаулық деңгейі, дене дайындығындағы және дене мүмкіндігі шектеулі адамдар ағзасына ықпалын тигізетін тиімді жаттығуларды іріктеу; B6 – дене мәдениеті және спорт саласы бойынша оқу, ғылыми және спорттық мекемелер мен кәсіпорындардың бөлімшелерін басқару және ұйымдастыру дағдылары;</p>	<p>✓ Д – жеке тұлға қабілеттілігі: D1 – байланыс стратегияларын, педагогикалық риторика дағдыларын, қатынас технологияларын меңгерген, педагогтың тұлғалық кәсіби сапасының бар болуы; D2 – ынтымақтастық педагогикаға қабілетті және төзімді, шешімдерді шығармашылықпен қабылдау, жаңа құндылықтарды құруды дайындауға; D3 – басқарушылық-ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, табиғи үндестік, мәдени үндестік, моралдық- адамгершіліктілік, интеллектуалдық дағдыларды дамытуға ұмтылу; D4 – өздігінен білім алу және өздігінен іске асыруды, педагогикалық инновацияларды шығармашылықпен қолдану, педагогикалық іс-әрекетке жоғары мотивациямен талпыну; D5 – мәдениет феномені ретінде ғылыми білімді дамыту және қалыптастыру заңдылықтарын түсінуге қабілетті; D6 – түпнұсқалық зерттеу арқылы ғылыми еңбекті әзірлеу жолымен, қолданыстағы білім аясын кеңейтуге өз үлестерін енгізуге қабілетті; D7 – еңбек тәртібін сақтау және денсаулық сақтау қағидаларын іске асыруға қабілетті.</p>

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығының оқу бағдарламасы 3.1 бөлімде көрсетілген (Ғылымның тарихы және философиясы, Шетел тілі, Педагогика, Психология), магистранттың білім беру құзіреттілігінің дамуы мен қалыптасуына негізделген білім пәндерін қамтиды.

7. «6M010800 – Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бағдарламасының құрылымы мен оның бөліктерінің бөліну нормалары (оқу мерзімі 2 жыл)

№	Виды деятельности	Кредит саны	Апта саны	Жалпы сағат көлемі
1	Теориялық білім (1:2)	42	45	1890
2	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде өндірістен қол үзбей оқи жүріп жүргізген магистерлік диссертациясының көлемі (1:7)	3	-	360
	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде, магистерлік диссертациясы (1:7)	4	9	480
3	Қорытынды аттестация (1:6)	4	8	420
	БАРЛЫҒЫ:	53	62	3150
4	Теориялық оқудан қол үзбей оқи жүріп өткізген тәжірибесі (педагогикалық) (1:1)	3	-	90
5	Тәжірибе (зерттеушілік) (1:7)	3	12	360
6	Демалыстар		13	
7	Емтихан сессиясы		9	
	БАРЛЫҒЫ:	59	96	3600

«6M010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алу үшін білім алушылар 42 сағат көлемінде теориялық білім, 6 кредиттік мөлшерде тәжірибе, 7 кредиттен кем емес көлемде ғылыми-зерттеу жұмысын меңгеруі керек. Магистрант оқу барысында 3 кредит МҒЗЖ (әр семестрде 1 кредиттен) орындауы және 3 кредит педагогикалық тәжірибеден өтуі тиіс.